

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 15 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылғы 31 мамырда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім мынадай ескертпемен бекітілсін: «Келісімнің 9-бабы үшінші абзацының ережелері Қазақстан Республикасына қатысты қолданылмайды».

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі көрсетілген келісімді іске асыру үшін жауапты уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Р е с м и
р а с т а л ғ а н
мәтін

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен бекітілген 2015 жылға дейінгі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер әскери ынтымақтастығының тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін кадрлар даярлау

саласындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамытуға қажеттілікті тани отырып, мемлекетаралық ынтымақтастық негізінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға мүдделілікті және мақсатқа сәйкестілікті назарға ала отырып,

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасын және халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдер мынадай мағыналарға ие :

әскери оқу орны - осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық, оның ішінде жоғары білікті кадрлар (бұдан әрі - ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар) даярлауды жүзеге асыратын осы Келісімге қатысушы мемлекеттің жоғарғы, жоғарғы оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіби білім беретін білім беру мекемесі;

ғылыми (ғылыми-зерттеу) ұйымы - жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру саласында білім беру қызметін жүзеге асыруға ұлттық заңнамаға сәйкес құқық алған осы Келісімге қатысушы мемлекеттің ғылыми мекемесі;

магистратура - магистр біліктілігін (дәрежесін) бере отырып, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін мамандар даярлауды қамтамасыз ететін кәсіби білім деңгейі;

адъюнктура - ғылым кандидаты, философия докторы (Doctor of Philosophy (Ph.D)), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденуге білікті ғылыми жұмысты дайындауға мүмкіндік беретін әскери оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алу нысаны;

докторантура - ғылым докторы, философия докторы (Doctor of Philosophy (Ph.D)), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденуге білікті ғылыми жұмысты дайындауға мүмкіндік беретін жоғары ғылыми білікті маман даярлау нысаны;

ізденушілік - әскери оқу орындарына немесе ғылыми ұйымдарға, оның ішінде адъюнктураға немесе докторантураға тіркелмей, бекітіліп берілген мамандардың тиісті ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертация даярлау нысаны;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар - ғылыми (ғылыми-зерттеу) ұйымдарда және әскери оқу орындарында ғылыми (ғылыми және педагогикалық) қызметпен кәсіби айналысатын мамандар.

2-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудағы ынтымақтастық негізінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін кадрлар даярлау саласындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамыту үшін келісілген шараларды қабылдайды және осы мақсаттарда:

ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды өзара мақсатты даярлауды жүзеге асырады;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлардың тағылымдамадан өтуін және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау мүдделеріне әскери оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың жүйесін дамытады;

ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға негізгі біліктілік талаптарын сабақтастыруды қамтамасыз етеді және алған біліктілігін растайтын құжаттарды мойындауға жәрдемдеседі;

әскери білім және ғылым саласында ақпарат және құжаттамамен алмасу жүйесін дамытады;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау және оларды аттестаттау саласындағы бірлескен жобаларды іске асырады;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша проблемалардың және ғылыми зерттеулердің жүйелендірілген тізбесін қалыптастырады.

3-бап

Тараптар шарттық (келісімшарттық) негізде күндізгі және сырттай оқу нысандары бойынша магистратурада, адъюнктурада, докторантурада осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды өзара мақсатты даярлауды жүзеге асырады.

4-бап

Жіберуші Тарап магистратураға, адъюнктураға, докторантураға кандидаттарды іріктеуді таңдалған мамандық бойынша даярлау үшін кандидаттарды іріктеуге қойылатын осы Келісімге қатысушы қабылдаушы мемлекетте қолданылатын талаптарға сәйкес жіберуші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде жүзеге асырады.

Қабылдаушы Тарап осы Келісімге қатысушы жіберуші мемлекеттің әскери қызметшілерін қабылдау жіберуші Тараптың ұсынымы негізінде конкурстық емтихандарды тапсырмай жүзеге асырылады. Өтінімдер Тараптардың уәкілетті органдары арқылы ресімделеді.

5-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау кезінде осы Келісімге қатысушы жіберуші мемлекеттің практикалық және ғылыми мүдделерін ескереді.

Осы Келісімге қатысушы жіберуші мемлекеттің әскери қызметшілері диссертациялық жұмыстарының тақырыптары жіберуші Тарап қабылдаушы Тараппен келісу бойынша айқындайды және оны қабылдаушы Тарап бекітеді.

Магистратурада, адъюнктурада, докторантурада даярлау мазмұны, мерзімдері және тәртібі қабылдаушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес белгіленеді және келісімшартта (шартта) көрсетіледі.

6-бап

Тараптар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда ғылыми дәрежелерді іздену нысанында ынтымақтастық жасайды.

Өзара уағдаластықтарға сәйкес бір Тараптың мамандары диссертация жұмыстарын аяқтау үшін осы Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің әскери оқу орындарына немесе ғылыми ұйымдарына (адъюнктураға немесе докторантураға тіркелмей) бекітілуі мүмкін.

7-бап

Тараптар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау сапасын арттыру мақсатында бір Тараптың әскери оқу орындарының және ғылыми ұйымдарының ғалымдары мен мамандарының екінші Тараптың диссертация жұмыстарын сараптауға қатысуына жәрдемдеседі.

8-бап

Тараптар қарулы күштер үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастықты мынадай жолмен дамытады:

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттаудың ұлттық жүйелері және оларда болған өзгерістер туралы өзара ақпараттандыру;

оқу дәрежелеріне ізденушілерге қойылатын негізгі талаптарды және стандарттардың (талаптардың) келісілгендігін сабақтастыруды қамтамасыз ету;

ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасын үйлестіру және бір ізге салу, сондай-ақ оларды құру бойынша өзара консультациялар; осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттің әскери қызметшілеріне осы Келісімге

қатысушы екінші мемлекеттің аумағындағы оқу дәрежесіне ізденуге диссертацияларды қорғау үшін тең шарттар жасау;

осы Келісімге қатысушы қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы Келісімге қатысушы жіберуші мемлекет әскери қызметшілерінің ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың тиісті білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгергенін растайтын мемлекеттік үлгідегі тиісті құжаттарды, оның ішінде әскери қызметшіге тиісті біліктілікті (ғылыми дәреже) беруді қамтамасыз ету.

9-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарында осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық органдары берген ғылыми дәреже туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды мойындайды.

Осындай құжаттарды теңестіру осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде ғылыми дәреже берілген ғылым кандидаттары және докторлары, философия және бейіні бойынша докторлар (Doctor of Philosophy (Ph.D)) қосымша сараптаусыз көрсетілген дәрежелердің иегерлері болып танылады.

10-бап

Тараптар бұрын меңгерілген кәсіби білімін тереңдетуге және жетілдіруге бағытталған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру жолымен ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруда өзара іс-қимыл жасайды.

11-бап

Тараптар өзара уағдаластықтар негізінде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлардың тағылымдамаларын ұйымдастырады, сондай-ақ бір Тараптың жоғары білікті мамандарын осы Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің әскери оқу орындарына және ғылыми ұйымдарына білім беру және ғылыми қызмет үшін жіберуді жүзеге асырады.

12-бап

Осы Келісімге қатысушы жіберуші мемлекеттің әскери қызметшілеріне олар әскери оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда оқыған, тағылымдамалары, жұмыс істеген кезеңдерде осы Келісімнің 20-бабының мәні болып табылатын жағдайларды қоспағанда, осы Келісімге қатысушы қабылдаушы мемлекеттің әскери оқу орны немесе ғылыми ұйымы жеке құрамының тиісті санаты үшін белгіленген нормативтік актілер

қолданылады. Олардан басқа ерекшеліктер Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы келісімшарттарда (шарттарда) көрсетілуі мүмкін.

13-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес магистранттарға, адъюнкттарға, докторанттарға, оқу дәрежелеріне ізденушілерге, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларға оқуға, ғылыми, мұрағаттық ақпаратқа қолжетімділік беруде жәрдемдеседі.

Тараптар өз уәкілетті органдары арқылы әскери білім беру және ғылым саласындағы оқу, ғылыми, мұрағаттық ақпаратпен және құжаттамамен алмасуды жүзеге асырады.

14-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларының қатысуымен бірлескен білім беру және ғылыми іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді.

15-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің мамандарын, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау бойынша әскери оқу орындарының және ғылыми ұйымдарының жүйесін дамытуға келісілген шараларды жүзеге асырады.

16-бап

Тараптар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда және біліктілігін арттыруда білім беру қызметтерін ұсынатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әскери оқу орындары мен ғылыми ұйымдары арасындағы тікелей байланыстарды дамытуға жәрдемдеседі.

17-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлаудың ұлттық жүйелерін дамытуды ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету мәселелерінде ынтымақтастық жасайды.

18-бап

Әрбір Тарап осы Келісімді іске асыру жүктелетін уәкілетті органды (органдарды) айқындайды, Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы хабардар етумен бір мезгілде ол туралы депозитарийді хабардар етеді.

Уәкілетті органның (органдардың) атауы өзгерген жағдайда тиісті Тарап ол туралы депозитарийді ақпараттандырады.

Тараптардың уәкілетті органдары осы Келісімді іске асыру мәселелері бойынша тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

19-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлері кеңесіне жүктеледі.

Осы Келісімде мазмұндалған міндеттерді орындауда ынтымақтастық жасау тетіктерін дамыту мақсатында, сондай-ақ бірлесіп шешуді талап ететін мәселелерді қарау үшін ТМД-ға қатысушы мемлекеттер Қорғаныс министрлері кеңесінің Хатшылығы Тараптар уәкілетті органдары өкілдерінің тұрақты үйлестіру кеңестерін (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) өткізуді ұйымдастырады.

20-бап

Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың қаржылық шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес оларға жүктелген функцияларды орындауға ұлттық бюджеттерде оларға көзделген қаражат шегінде Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы келісімшарттардағы (шарттардағы) өзара уағдаластықтар негізінде айқындалады.

Тараптар уағдаластықтар бойынша өзара есеп айырысудың әртүрлі нысандарын пайдалануға құқылы.

21-бап

Тараптар арасындағы ақпарат алмасу және оны қорғау осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекетаралық құпияларды қолдану және оларды қорғау тәртібі 1993 жылғы 22 қаңтардағы Мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге және құпия ақпаратты (мемлекеттік құпияларды) өзара қорғау (сақтау) туралы екі жақты шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Тараптардың бірі осы Келісімді іске асыру барысында алған ақпарат басқа Тараптардың мүдделеріне зиян келтіруде пайдаланылмайды.

22-бап

Осы Келісімге қатысу екі жақты халықаралық шарттарды жасау арқылы ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау және аттестаттау саласындағы ынтымақтастықтың басқа да нысандарын пайдалануға Тараптардың құқықтарын шектемейді.

23-бап

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде туындайтын Тараптар арасындағы даулы мәселелер Үйлестіру кеңесі шеңберінде мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы немесе Тараптар келіскен басқа да рәсімдер арқылы шешіледі.

24-бап

Осы Келісім олар қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысының құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

25-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы депозитарийдің үшінші хабарламаны алған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарийдің тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

26-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің 25-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін тиісті хаттамамен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

27-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы кез келген мемлекеттің депозитарийге қосылу туралы құжатты беру жолымен қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

28-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Әрбір Тарап шығуға дейін алты айдан кешіктірмей депозитарийге өзінің осындай ниеті туралы жазбаша хабарлама жолдай отырып және Келісімнің қолданылуы кезінде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2013 жылғы 31 мамырда Минск қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Түрікменстан

Өзбекстан Республикасының

Украина

Республикасының

Осымен қоса берілген мәтін 2013 жылғы 31 мамырда Минск қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет басшылары кеңесінің отырысында қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің түпнұсқалық көшірмесі екенін куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Атқару комитеті төрағасының
бірінші орынбасары -

ТМД Атқарушы хатшысы

В. Гаркун

Минск - 2013.31.05

Орыс тіліндегі мәтінге сәйкес мемлекеттік тілге аударылды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
Халықаралық ынтымақтастық департаменті
бастығының орынбасары

полковник

Т. Әбішев

